

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижесі

I. Кіріспе бөлім

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 7 тармағына «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі»-деп түсініледі.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні: ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің негізгі міндеті ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі-Орталық) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметін зерделеу және бағалау болып табылады. Орталық Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымы болып табылады, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жатады. Жарғыға сәйкес Орталық қызметінің мәні донорлық бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, қан, плазма, қан жасушаларын дайындау, қан компоненттерін, препараттарын өндіру және диагностикалық стандарттар болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді: ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК құрылымдық бөлімшелерінде;

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі: 2023 жылғы 1 қаңтарда басталды, 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталды.

4. Бақыланатын кезең: 2023 жыл.

II. Ақпараттық-аналитикалық бөлімі

«Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 6 -бабында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі бекітілген, атап айтқанда: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды; заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы

стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды; қаржылық бақылауды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі әрбір субъектінің міндеті болып табылады. Заңның 9 бабының 4 тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы іске асырылады. Орталықтың әрбір қызметкерінің азаматтық ұстанымы ол сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, ал адалдық пен сатылмаушылық мінез-құлық нормасына айналуы тиіс. Орталық азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті, сыбайлас жемқорлыққа тұрақты иммунитеті, оны көпшілік алдында айыптаусыз қалаулы нәтижеге қол жеткізу мүмкін еместігін түсінеді. Орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әрбір қызметкерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қағидаттарын жеткізу жолымен қалыптасады. Орталық қоғамның бір бөлігі бола отырып, әлеуметтік сау қоғамның құрылымына өз үлесін қосуға тырысады. Орталық жеке тұлғада қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухын дамытудың маңыздылығын түсіне отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын өткізеді.

Осыған байланысты, Орталық жыл сайын жұмыскерлерді жалпыға бірдей құқықтық оқыту бағдарламасын бекітеді, оған сәйкес Орталықта кесте бойынша сабақтар, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы зерделеу жүргізіледі.

Бақылау кезеңінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2 дәріс өтті.

Сонымен қатар, 2023 жылдың қазан айында "сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл" ТБН-4 жобасын іске асыру шеңберінде Орталықтың ұйымдық құрылымына өзгерістер енгізілгенін атап өткім келеді. Орталық штатында Комплаенс-офицердің жаңа лауазымы пайда болды, ол орталықтың Бақылау кеңесіне бағынады және есеп береді. Комплаенс-офицер лауазымы орталықтағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысқа оң ықпал ететін болады.

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы нормаларға қатысты жүргізіледі.

Орталық бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырмайтынын және мемлекеттік қызметтер көрсетпейтінін атап өткен жөн. Жұмыс тобы бақыланатын кезеңде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау тұрғысынан құрылымдық бөлімшелердің қызметін қозғайтын ішкі (жергілікті) құжаттарға

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізді. Ішкі (жергілікті) құжаттар бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер және нормалар анықталған жоқ. Орталықта мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатындағы Орталық Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының талаптарын мүлтіксіз сақтайды. Бұдан басқа, орталық Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарын мүлтіксіз сақтайды.

Орталықта қызметкерлердің корпоратившілік өзара қарым-қатынастардың этикалық нормаларын, әлеуметтік жауапкершілікті, сондай-ақ бизнес этикасының басқа да басым мәселелерін сақтауы мақсатында іскерлік этика қағидалары енгізілді.

Аталған қағидалардың мақсаты Орталықтың корпоративтік құндылықтарын анықтау болып табылады, оларды ұстану Орталықтың және оның қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлықты айқындайтын және Қоғамның беделін, оның бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін қалыптастыратын базалық этикалық құндылықтарға бейілділігін көрсетеді. Орталықта штат кестесінде көзделген барлық лауазымдарға лауазымдық нұсқаулықтар әзірленіп, енгізілді. Сонымен қатар, Орталық қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына талдау жүргізілді. Осылайша, мониторинг нәтижелері бойынша лауазымдық нұсқаулықтарда қызметкерлердің лауазымдық міндеттері мен құқықтары нақты белгіленгені және айқындалғаны, лауазымдық нұсқаулықтардың ережелері Орталық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жүзеге асыру тәуекелдерін болдырмайтыны анықталды. Орталық төрағаның бұйрықтарымен қызметкерлерді іздеу, жалдау, тағайындау және қызметке қабылдау ережелері және кадрлық резервті қалыптастыру ережелері бекітілді. Сондай-ақ кадрлық саясат бекітілді. Бірінші басшы ауысқан кезде «командалық» орын ауыстыру фактілері анықталған жоқ.

Қаржылық бақылауға қатысты

Орталықтың барлық қызметкерлері "жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы" декларацияны тапсырды (250-нысан). Келесі жылдан бастап және жыл сайынғы негізде Орталықтың барлық қызметкерлері "жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі" туралы декларацияны тапсырады (270-нысан), онда есепті кезеңде алынған барлық кірістер, сондай-ақ Қазақстан Республикасында және шетелде сатып алынған мүлік көрсетіледі.

Орталық сайтында уақытылы толық жаңартылып отыратын мемлекеттік сатып алу бөлімі бар. Қаржылық есептілік сайтта орналастырылған (қаржылық есеп және аудит нәтижелері).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерге қатысты

Заңның 12 бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер - бұл заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер, олардың негізінде тыйым салынады:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттігін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау.

Жоғарыда аталған шектеулерді бұзатын фактілер анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысына қатысты:

Заңның 15 бабына сәйкес мүдделер қақтығысы - бұл жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін. Мониторинг нәтижелері Орталықтағы мүдделер қақтығысын реттеу Орталықтың іскерлік этика қағидаларымен және орталықтың өзге де ішкі құжаттарымен регламенттелгені анықталды.

Орталықтың іскерлік этика қағидалары әрбір қызметкер үшін қолжетімді құжат және Орталықтың жаңадан қабылданған қызметкерлерімен танысу үшін міндетті болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қатысты

Заңның 1 бабына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық-бұл заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

Орталықта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға кінәлі деп танылған адамдар анықталған жоқ.

Құқықтық статистика деректеріне қатысты

Орталықта құқықтық статистика органдарының деректері жоқ.

Орталық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты

Орталық бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды, «сенім» телефоны бойынша тіркелген қоңырауларды, жеке және заңды тұлғалардың Орталық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты өтініштерін зерттеді. Мониторинг нәтижелері бойынша Орталық қызметкерлеріне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар анықталған жоқ. Орталық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ. «Сенім» телефоны бойынша шағымдар түскен жоқ, азаматтарды қабылдау журналында қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты өтініштер тіркелген жоқ. Орталықтың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруына жүргізілген мониторинг қорытындылары бойынша Орталықтың қызметінде мемлекеттік сатып алу бойынша сыбайлас жемқорлыққа байланысты фактілер жоқ. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы шағымдар, арыздар, өтініштер Орталықтың атына қызметкерлердің іс-әрекеттеріне түскен жоқ.

Орталықтағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл динамикасына қатысты.

2023 жылдың желтоқсан айында қызметкерлердің 78 %-ын қамти отырып, жасырын сауалнама жүргізілді, өндірістік персоналдың 82 % жұмыс жағдайларына және моральдық-психологиялық ахуалға қанағаттанды.

Орталық қызметкерлері «ДАР» және «Мейірімділік М.» қайырымдылық ұйымдары Қоғамдық қорларға материалдық көмек көрсетті.

III. Қорытынды бөлім

Қорытындылар: Орталық жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелерін басшылыққа ала отырып, сондай-ақ Орталықта сыбайлас жемқорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетке төзбеушілік ахуалын қалыптастыру мақсатында мыналарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, прокуратураның, құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тарта отырып, дөңгелек үстелдер өткізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелері бойынша тұрақты негізде Орталық қызметкерлері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

